

Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кесіпорын №27«Ақбота бөбекжай-бақша» мекемесінің **2017-2020 жылдарға арналған** 23 мамыр 2017 жылы №000033 ұжымдық шартына  
**№ 1 ҚОСЫМША КЕЛІСІМ**

Атырау қаласы/ауылы

2020 жылғы 12 мамыр

Біз, №27«Ақбота бөбекжай-бақша» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Мекеме) атынан директор Кошкинова Гулайым Мұхтарқызы және осы кесіпорындағы еңбек ұжымының атынан Жұмыскерлердің (бұдан әрі - Жұмыскерлер) мүдделерін ұсынатын Кесіподак Комитетінің (бұдан әрі – Кесіподак Комитеті) төрағасы Қалбағай Тарbie Рамазанқызы, кесіпорынның 2017-2020 жылдарға арналған ұжымдық шартқа төмендегі туралы қосымша келісім жасастық.

1. Ұжымдық шарттың «Еңбекке ақы төлеу және еңбекті нормалау» III-бөлімін 3.12-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.12. Жұмыс берушіге және жұмыскерге байланысты емес себептер бойынша, соның ішінде төтенше жағдай жариялануға және карантин енгізілуге байланысты себептерді қоса алғанда, бос тұрып қалу уақытына қызметкерлердің жалақысы толық мөлшерінде төленеді. Бос тұрып қалу жұмыс берушінің кінәсінен болғанда – жұмыскердің орташа жалақысының жүз пайызы мөлшерінде белгіленеді. Қызметкердің кінәсінен бос тұрып қалған уақытқа ақы төленбейді.

Бос тұрып қалу уақытын ресімдеу тәртібі келесідей - бос тұрып қалу жағдайы туындаған кезде Жұмыс беруші қызметкерлерді ара қашықтықпен жасайтын жұмысқа ауыстыру жолдарын қарастырады, ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда еңбек ақысын толық көлемінде сақтай отырып қызметкерлерді уақытша демалысқа жіберу туралы бұйрық шығарады. Жұмыс беруші үш жұмыс күннің ішінде аталған бұйрықпен барлық қызметкерлерге таныстыруға және Жұмыспен қамту органдарына хабарлауға міндettенеді. Жұмыс уақытын есепке алу табеліне бос тұрып қалған уақыт «БТ» (бос тұру) деп белгіленеді.»;

2. Ұжымдық шарттың «Жұмыс уақыты және тынығу уақыты» V-бөліміне 5.21-тармағын педагогтардың еңбек демалысы «56» күнге толықтырылсын.

3. Ұжымдық шартқа осы қосымша келісімнің күші 2020 жылғы 1-қаңтарынан бастап туындаған еңбек қатынастарына қолданылады.

4. Ұжымдық шарттың басқа бөлігі өзгеріссіз қалады

5. Осы қосымша келісім Ұжымдық шарттың ажырамас бөлігі болып саналады.

МО

Жұмыс беруші

Кошкинова Г.М.



Жұмысшылар өкілі  
КОМИТЕТ

Атырау облысы мемлекеттік

бюджеттік қызметтердің мінистрінің

бюджеттік мемлекеттік міністерлердің

18 МАЙ 2020

ТІРКЕЛДІ №

18 МАЙ 2020

ТІРКЕЛДІ №

Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын №27«Ақбота бөбекжай-бақша» мекемесінің **2017-2020 жылдарға арналған** 23 мамыр 2017 жылы №000033 **ұжымдық шарттына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қосымша келісімнің жобасын мекеме жұмыскерлерімен талқылау жиналысының № 1 хаттамасы**

Атырау қаласы

2020 жылғы 12 мамыр

Төраға:

Т.Р.Калбагай

Жиналысқа қатысқандар:

мекеме директоры, кәсіподак комитетінің төрағасы мен мүшелері, мекеме қызметкерлері – 35 адам

### ҚҮН ТӘРТІБІ

1. Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын №27«Ақбота бөбекжай-бақша» мекемесінің **2017-2020 жылдарға арналған** 23 мамыр 2017 жылы №000033 **ұжымдық шарттына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қосымша келісімнің жобасын талқылау;**
2. **Қосымша келісімге қол қоюға шешім қабылдау.**

Бірінші мәселе бойынша мекеменің кәсіподак комитетінің төрағасы Т.Р. Қалбағай сөз сөйлемді:

**Құрметті әріптер!**

Мемлекеттік комиссиясының 2020 жылғы 16 наурыздағы № 1 хаттамасына сай төтенше жағдай кезінде мектепке дейінгі мекемелерде, оның ішінде жеке меншік ұйымдарда мемлекеттік тапсырысты балалардың нақты барғанына қарамастан үздіксіз қаржыландыруды қамтамасыз ету тапсырылды. 2020 жылғы 24 сәуір күні ҚР Білім және ғылым министрлігінен Атырау облысының әкімдігіне облыс бойынша мектепке дейінгі ұйымдарының ұжымдық шарттарына төтенше жағдай кезінде педагогтарға толық көлемдегі жалақыны төлеу міндеттемелерін енгізуі ұсынды. Бұл бағытта Атырау облысы әкімінің орынбасары Б.Хаменова 2020 жылғы 27 сәуір күні қала және аудан әкімдеріне ұжымдық шарттарға өзгерістер енгізуі тапсырды. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің 112-бабының 1-тармағына сай Жұмыс берушіге және жұмыскерге байланысты емес себептер бойынша бос тұрып қалу уақытын ресімдеу тәртібі және бос тұрып қалу уақытына ақы төлеу талаптары еңбек, ұжымдық шарттарда айқындалады және жалақының ең төмен мөлшерінен кем болмайтын мөлшерде, ал жұмыс берушінің кінәсінен болғанда – жұмыскердің орташа жалақысының кемінде елу пайзы мөлшерінде белгіленеді. Осы көрсетілген мөлшерлемелер ең төменгі стандарттар болып есептеледі, ал ұжымдық шартпен еңбекақының жоғарылатқан мөлшерлемесі белгілеуге ҚР заңнамасымен тыйым

салынбаган. «Атырау облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі мен «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кесіптік одағының Атырау облыстық үйымы» қоғамдық бірлестігі арасындағы 2018-2020 жылдарға жасалған әлеуметтік әріптестік туралы Келісімнің 6.24.тармағына сәйкес тараптар жұмыстың жұмысшы кінәсінан болмай тоқтап тұрған күндері үшін қызметкерлерге, көтермелер, қосымша және үстеме ақыларсыз, ағымдағы жалақы мөлшерінде ақы төленетіндігімен келіседі. Яғни «жұмысшы кінәсінан болмай» деген сөздер «жұмыс берушіге және жұмыскерге байланысты емес себептер» деген мағына береді. Оған қоса, ҚР ЕК-нің 154-бабының З-тармағына сай өнірлік келісімнің күші тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарына, жұмыс берушілеріне, жұмыскерлеріне және олардың өкілдеріне қолданылады. 2020 жылға арналған облыстық, қалалық/аудандық бюджеттерден білім саласына, соның ішінде мектепке дейінгі білім беру үйымдарына қарастырылып тиісті қаражат бөлінді. Коронавирустік инфекцияға байланысты қаржыландыру тоқтатылған емес, бөлінген қаражатты қайтару туралы қаулы қойылған жок. Коронавирус инфекциясы алдағы уақытта тағы да орын алып, төтенше жағдайлар мен карантин жариялау ықтималдығы бар.

Осылан орай, құрметті әріптестер, біздер, мекеме директоры мен кесіподак комитетінің мүшелері әлеуметтік әріптестіктік аясында төтенше жағдай мен карантин кезінде бөбекжай-бақша жабылып, қызметкерлер уақытша демалысқа жіберілгенде еңбекақымыз сол күйінде сақталып толық көлемінде төленуін қамтамасыз етуіміз қажет. Осы мәселе бойынша мекемеміздің 2018-2020 жылдарға арналған ұжымдық шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қосымша келісімнің жобасын назарыңызға ұсынамыз.

### **Жұмыскерлер жобамен таныстырылды, қосымша келісім бір ауыздан келісіліп мақұлданды.**

Екіншіші мәселе бойынша мекеменің директоры сөз алды.

Құрметті әріптестер! Баршамызға мәлім, кәзір елімізде тарапты жатқан қауіпті дерт коронавирус Атырау өнірін де айналып өтпей, төтенше жағдайға байланысты карантин жарияланды. Бұл орайда қызметкерлеріміз уақытша демалысқа жіберілгенде еңбекақы төлеу мөлшері бойынша сұрақтар туындалап қалды. Бөбекжай-бақшага бөлінетін қаражаттың да сұрауы бар, ҚР ЕК-нде ең тәменгі мөлшерлемер көрсетілген, ал ұжымдық шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы карантин кезінде Сіздердің жалақыларыңызды сақтауға мүмкіншілік болады. Барлықтарыңыздың отбасыларыңыз бар, балаларыңыз бар, осындағы қыын жағдай кезінде табыс көзі сақталып қалуға тиісті деген тұжырымдамаға келісемін. Сонымен қатар, 2020 жылдан бастап педагогтар туралы жаңа заңнамасы қабылдауына байланысты еңбек демалысының мерзімі 42-күннен 56-күнге көбейтілді, осыған байланысты ұжымдық шарттың жобасында тиісті өзгерістер көрсетілді. Кесіподактармен бірлесе отырып жасақталған ұжымдық шартқа

қосымшага қол қойып, еңбек инспекциясына мониторинг үшін ұсынуға рұқсат етуіңізді сұраймын.

**Жұмыскерлер қосымша келісімге қол қоюға, еңбек инспекциясына мониторинг үшін жолдауға бір ауыздан келісіліп мақұлданды.**

Төраға

Хатшы



Калбагай

Т.Р.Калбагай

Б.Серікқызы